

ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫ ӘДІСНАМАСЫНДА ИЖТИХАД ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Алау Әділбаев

PhD, қауымдастырылған профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Шәмшат Әділбаева

PhD, қауымдастырылған профессор,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

مفهوم الاجتهاد في منهجية الفقه الإسلامي

Алау Адилбайев

أستاذ مشارك، دكتور
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

Шамшат Адилбаева

أستاذ مشارك، دكتورة
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

THE CONCEPT OF IJTihad IN THE METODOLOGY OF ISLAMIC LAW

Alau Adilbayev

PhD, associate professor,
Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak
Almaty, Kazakhstan

Shamshat Adilbayeva

PhD, associate professor,
Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak
Almaty, Kazakhstan

КОНЦЕПЦИЯ ИЖТИХАДА В МЕТОДОЛОГИИ ИСЛАМСКОГО ПРАВА

Алау Адилбаев

PhD, доцент
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Шамшат Адилбаева

PhD, доцент
Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Ислам құқығы – адам өмірінің барлық саласын қамтитын кешенді жүйе. Мұсылман баласының діни әрі дүниелік міндеттері мен жауапкершіліктерін, Алла Тағала және өзге адамдармен қарым-қатынасын реттейді. Ислам құқығында құқықтық нормалар белгілеуде пәтуаның рөлі ерекше. Өз кезегінде қандайда бір мәселеге қатысты пәтуаға қол жеткізу иjtihadты талап етеді.

Діннің ең негізгі дереккөзі саналатын Құран мен хадистерде адам баласын ойлануға, терең үңілуге шақыратын мәтіндер көптеп кездеседі. Сол тұрғыдан алғанда иjtihad діни мәтіндерді дұрыс түсініп, жүзеге асыруда аса маңызды саналатын – рационалды әрекет. Уақыт сынаптай сырғып өткен сайын өмірдің ұдайы өзгеріп, жаңа мәселелердің тоқтаусыз туындай берері – шындық. Діни мәтіндердің шектеулігі мен туындайтын мәселелердің шектеусіздігі иjtihad құбылысының әрдайым өзектілігін жоймайтындығын көрсетеді.

Осы мақалада ислам құқығы методологиясында сонау ерте кезеңнен бастап қолға алынып, түрлі тұжырымдарға түрткі болған иjtihad ұғымы, мән-мағынасы мен қамту аясы, үкім шығарудағы маңызы, иjtihadқа құзыреттілік шарттары, иjtihadтың үкімі, иjtihadқа рұқсат етілген және етілмеген мәселелер, иjtihadтың бөлініп-бөлінбейтіндігі мен иjtihadтың тоқырауына жол ашқан «иjtihad есігінің жабылуы» мәселесінің себеп-салдары, кейінгі ғасырдағы жаңа ұмтылыстар жан-жақты талқыланып, сараланады.

Түйін сөздер: Құран, сүннет, ислам құқығы, иjtihad, пәтуа.

الملخص: الشريعة الإسلامية نظام شامل يتضمن جميع جوانب حياة الإنسان. فهي تنظم واجبات المسلم الدينية والدنيوية، وكذلك علاقاته مع الله تعالى ومع الآخرين. ويعد إصدار الفتاوى ذا دور بارز في تحديد القواعد القانونية في الشريعة الإسلامية، حيث يتطلب الوصول إلى الفتوى بذل الاجتهاد.

إن النصوص الدينية الأساسية، المتمثلة في القرآن الكريم والأحاديث النبوية، تحتوي على العديد من الآيات والأحاديث التي تدعو الإنسان إلى التفكير والتأمل العميق. ومن هذا المنطلق، يُعد الاجتهاد من الأنشطة العقلانية الضرورية لفهم النصوص الدينية وتطبيقها بشكل صحيح. ومع مرور الزمن، تتغير الحياة باستمرار وتظهر مسائل جديدة لا تتوقف عن الظهور. ويشير هذا الواقع إلى أن محدودية النصوص الدينية مقابل لا محدودية القضايا الناشئة تجعل الاجتهاد ضرورة مستمرة لا يمكن الاستغناء عنها.

في هذه المقالة، يتم تناول مفهوم الاجتهاد في أصول الفقه الإسلامي، منذ العصور الأولى، ويتم تحليل معناه ومدى شموليته وأهميته في إصدار الأحكام الشرعية. كما تتم مناقشة شروط الاجتهاد، وأحكامه، والقضايا التي يجوز فيها الاجتهاد والتي لا يجوز فيها، إضافة إلى قضية «إغلاق باب الاجتهاد» وأسبابها ونتائجها. كما يتم تسليط الضوء على المحاولات الجديدة في العصر الحديث لإعادة إحياء الاجتهاد.

الكلمات المفتاحية: القرآن، السنة، الشريعة الإسلامية، الاجتهاد، الفتوى.

Abstract. Islamic law is a comprehensive system encompassing all aspects of human life. It regulates the religious and worldly obligations and responsibilities of Muslims, as well as their relationships with Allah and other people. In Islamic law, the fatwa plays a special role in establishing legal norms. Issuing a fatwa on any given issue, in turn, requires ijtihad.

The Quran and Hadith, the primary sources of Islam, contain numerous calls for reflection and deep analysis. From this perspective, ijtihad is a rational action of great importance for the correct understanding and application of religious texts. As time passes, new issues inevitably arise, reflecting the dynamic nature of life. The finite nature of religious texts and the infinite nature of emerging questions underline the perpetual relevance of the phenomenon of ijtihad.

This article delves into the concept, significance, and scope of ijtihad within the methodology of Islamic law. It explores its role in decision-making, the qualifications required for ijtihad, its legal status, the issues where ijtihad is permitted and prohibited, as well as the causes and con-

sequences of “the closing of the gates of ijtihad” and the renewed efforts in subsequent centuries.

Keywords: Quran, Sunnah, Islamic law, ijtihad, Fatua

Аннотация. Исламское право — это комплексная система, охватывающая все сферы жизни человека. Оно регулирует религиозные и мирские обязательства и ответственность мусульманина, а также его отношения с Аллахом и другими людьми. В исламском праве особую роль в установлении правовых норм играет фетва. В свою очередь, для того чтобы вынести фетву по какому-либо вопросу, требуется иджтихад.

В Коране и хадисах, которые являются основными источниками ислама, встречаются многочисленные призывы к размышлению и глубокому анализу. С этой точки зрения иджтихад является рациональным действием, которое имеет важное значение для правильного понимания и реализации религиозных текстов. Время не стоит на месте, и с его течением возникают новые проблемы, что является объективной реальностью. Ограниченность религиозных текстов и бесконечность возникающих вопросов свидетельствуют о том, что феномен иджтихада всегда будет актуален.

В данной статье рассматриваются понятие, значение и охват иджтихада в методологии исламского права, его значение в вынесении решений, условия компетенции для иджтихада, его правовой статус, вопросы, по которым иджтихад разрешён и запрещён, а также причина и последствия «закрытия дверей иджтихада» и новые стремления в последующие века.

Ключевые слова: Коран, сунна, мусульманское право, иджтихад, фетва.

Кіріспе

Ислам құқығы – діни, саяси және қоғамдық өмірдің барлық саласын қамти отырып, жасалуы немесе сақтануы қажет үкімді қамтитын кешенді жүйе. Сондықтан мұсылман баласының құқығы, міндеті мен жауапкершілігін реттеуде ислам құқығы әдіснамасының маңызы ерекше. Құқық және құқықтық норманы белгілеу ерекше байыптылық пен жоғары жауапкершілікті қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда ислам құқығы әдіснамасында үкімге қол жеткізуде иджтихадтың мәні жоғары.

Иджтихад (اجْتِهَاد) – лексикалық тұрғыдан «күш-қайрат жұмсау, табандылық, барлық ынтасын жұмсау» деген мағынаға саятын «жһд» түбірінен туындаған есім сөз. Ол фақиһтың тафсили дәлелдерінен қандай да бір шарғи үкімді нақтылауда барынша шама-шарқын жұмсауды білдіреді (Өз-Зухайли, 2004: 2-том.

328). Бұл сөз қиындықты қамтитын істерге қатысты ғана қолданылады. Иджтихадтың терминдік мағынасы – фақиһтың шарифат дәлел деп есептеген айғақтарға сүйене отырып, шарифи үкім шығаруға бар күшін жұмсауы. Кейбір ғалымдар бұл анықтамаға «фақиһтың бар күшін сарқа жұмсауы» деген сөзді де қосады. Иджтихад деп шарифат дәлелдерін егжей-тегжейлі зерттеп, үкім шығаруды атайды. Сонымен қатар «Алла тағаланың үкімін табу мақсатында құқық теориясының ережелері мен қағидаларын тереңінен зерттей отырып, оны жүзеге асыру үшін фикһ саласы ғалымының ерекше күш-қайрат жұмсауы» деп те анықтама берілген (әш-Шәукани, 1909: 232).

Ислам шарифатында Құран мен сүннет діни нормалардың негізгі дереккөзі саналғанымен, оларды түсініп, жүзеге асыруда ақылды қолданбау мүмкін емес. Өз кезегінде діни мәтіндер мен ақыл

бір-бірін толықтыратындықтан ижтихад ұғымының діни мәтіндерді түсіндіруде маңызы ерекше. Сондықтан ижтихадтың болуы – заңдылық.

Ижтихад жасау – исламның өзегінде бар құбылыс. Өйткені Құран мен хадистерде терең ойлануға шақыратын аят-хадистер өте көп. Діни мәтіндердің шектеулілігі, ал туындайтын мәселелердің ұдайы жалғаса беруі ижтихад жасауды қажет етеді.

Тақырыптың негіздемесі

Ешбір қоғам тәртіп пен жүйесіз, заң мен құқықтық нормасыз өркендеп дами алмайды. Өз кезегінде ислам діні тек қана сенім мен моральдық категориялардан тұрмайды. Жаратқан мен адам, адамдар арасындағы қарым-қатынас, жеке тұлға мен мемлекет және мемлекет пен өзге мемлекеттер арасындағы байланыс пен қатынасты, жауапкершілік пен міндетті қамтиды. Ислам шариғатының сүйенетін ең негізгі дереккөзі Құран мен хадис екендігі мәлім. Алайда Құран мен хадистерде барлық үкім бүге-шігесіне дейін ашық айтылмаған. Кейбір үкім анық, нақты, кесімді түрде келсе, енді бірі түрліше түсінуге мүмкіндік беретіндей болжамды түрде келген. Сонымен қатар Пайғамбарымыз дүниеден өткен соң уахидің тоқтауына байланысты діни мәтіндерде үкімі ашық, айқын баяндалмаған, жаңадан туындаған мәселелерге қатысты ижтихад жасау қажет болды. Алайда бұл өте үлкен жауапкершілік пен құзыреттілікті талап ететін салмағы ауыр іс еді. Сондықтан мұсылман ғалымдары ислам құқығы әдіснамасында ижтихад тұжырымын негіздеп, жүйеледі.

Пайғамбар (с.а.с.) заманынан бастау алған ижтихад қозғалысы әр кезеңде түрліше көрініс тауып, қазіргі заманымызға дейін жалғасын тауып келеді. Осы мақа-

ламызда ислам құқығы әдіснамасында ерекше маңызы бар ижтихад тұжырымдамасының қалыптасуы мен дамуы, тарихи кезеңдері мен ерекшеліктері қарастырылады.

Мақсаты мен міндеті

Ислам шариғатының құқық әдіснамасының негізгі тақырыптарының бірі саналатын ижтихад тұжырымдамасын ашып көрсете алу үшін мынадай мақсаттар мен міндеттерді алға қойдық:

ижтихад ұғымының мәні мен мағынасын, негіздемесі мен қамту аясын айқындау;

ижтихадқа құзыреттіліктің шарттары мен талаптарын қарастыру;

ижтихадтың үкіміне қатысты пікірлерді саралау;

ижтихадқа рұқсат етілген немесе етілмеген мәселелерді анықтау;

мужтәхид ғалымға қатысты талаптардың бірі ретінде аталған «ижтихадтың бөлінетін немесе бөлінбейтін мәселесін» баяндау;

ислам тарихында құқықтық мектептердің қалыптасып, орнығуынан кейін басталған «ижтихад есігінің жабылуы» мәселесінің себептері мен нәтижелерін саралау.

Ғылыми зерттеудің әдіснамасы

Мақалада ижтихад концепциясын ашу мақсатында әуелі ижтихад ұғымының лингвистикалық және терминологиялық мағынасын ашу мақсатында араб тілінің сөздіктері мен ислам құқығы ғылымы саласындағы деректерге сүйене отырып, этимологиялық зерттеу жүргізілді. Зерттеу тақырыбын ашып көрсету үшін мәліметтерді жинақтау, кезеңдеріне баға беру үшін тарихи, салыстырмалы әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім

Ижтихадтың алғашқы үлгілері Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) кезеңінен бастау алады. Пайғамбарымыз ﷺ өзі уахи келмеген кезде ижтихад жасаған. Алайда ол жеке-дара, уахидан бөлек шариғаттың қайнаркөзі саналмаған. Пайғамбардың ﷺ жасаған ижтихады Алланың көкейіне салғанын айту арқылы көрініс табады және бұл хадистердің қатарына жатады немесе Алланың ешқандай илхамынсыз-ақ өзі зерттеп, таңдауының нәтижесі саналады. Бұл таңдауы дұрыс болмаса, Алла тағала дер кезінде оның бұрыс екенін айтып, түзетіп отырған.

Алла елшісінің сахабаларына да ижтихад жасауға рұқсат бергендігіне қатысты әйгілі Мұғаз ибн Жәбәлді (р.а.) Иеменге жіберер кездегі оқиға деректерде келтіріледі. Сонымен қатар сахаба Амр ибн Асқа: «Егер дөп түссең екі сауап, қателессең бір сауап беріледі», – деп ынталандырған. Алайда мұндай ынталандыру барлық сахабаға қатысты емес, арнайы тағайындалған тұлғаларға қатысты болған (Сарахси, 1324: 16-том. 70). Сахабалардың жасаған ижтихадтары Пайғамбардың ﷺ өз қадағалауында жүзеге асқан. Егер ижтихадтарын Пайғамбарымыз ﷺ мақұл деп тапса, үмбетке жүгінетін дереккөз саналған, ал құп көрмесе, ол ижтихадтары шариғаттан деп есептелмеген. Пайғамбарымыз ﷺ кезінде ижтихадтың орын алуы кейінгі үмбетке ижтихад жолымен де үкім шығаруға болатындығын білдіріп, ижтихад жасаудың қажеттігіне нұсқауда. Пайғамбарымыз ﷺ дүние салғаннан кейін сахабалар да сол үрдісті жалғастырған. Мәселен, Ибн Мәсғұдтың (р.а.) ижтихад жайлы ойлары, Омар ибн Хаттабтың (р.а.) Әбу Мұса әл-Ашғариға жазған хатында оны қияс және ижтихад арқылы үкім беруге

үндеуі, қаді Шурайхқа Алланың кітабы, Алла елшісінің сүннеті және сенімді ғалымдардың көзқарастарымен үкім беруге шақыруын атауға болады (Шатыби, 4-том. 104).

Сахабалардан кейінгі буын – табиғин кезеңінде ислам территориясының кеңеюі нәтижесінде көптеген жаңа мәселе туындап, шешімін талап етті. Табиғин кезеңінде Мекке, Мәдина, Куфа, Басра, Дамаск қалалары ғылымның, яғни ижтихадтың орталығына айналды. Фикһ мәзһабтарының пайда болуы мен дамуы ижтихад әдіснамасы мен қағидаларының қалыптасуына жол ашты. Бұл үрдіс VII мен XI ғасыр аралығында өте белсенді жүрді.

Ижтихадқа құзыреттілік шарттары. Ижтихад ислам құқығында ерекше жауапкершілікті қажет ететін интеллектуалдық әрекет саналғандықтан, мұсылман ғалымдары ижтихад жасауға құзыретті адамдардың бойынан табылуы тиіс шарттарды алға тартты. Әрине, бұл шарттардың барлығы дерлік Құран мен сүннетте, сахабалар, табиғиндер және мүжтәхид имамдардың сөздерінде емес, кейінгі кезеңде өмір сүрген ғалымдардың кітаптарында қарастырылып, жүйеленген.

Осы тақырыпқа қатысты ең алғаш қалам тартқан ғалым – Имам әш-Шафиғи. Одан кейін келген ғалымдар ижтихадтың шарттарын екі негізгі тақырып аясында жинақтап, кейін ол шарттарды егжей-тегжейлі түсіндірген.

Ижтихадқа құзыреттіліктің екі шарты бар: 1. Білім, 2. Ерекше қабілет.

Бірінші шарт – кәсіби/كسبي, яғни адам баласы оған еңбектену арқылы қол жеткізе алады. Ал екінші шарт жаратылысынан бар, еңбектену арқылы қол жеткізілмейтін қасиет. Алла тағала оны адам баласына жаратылысынан нәсіп етеді. Адам баласының бойынан осы екі

шарт табылған жағдайда мүжтәхид бола алады. Енді кезегімен осы шарттарға кеңірек тоқталайық.

Білім. Мүжтәхидтердің негізгі міндеті – шариғатқа қатысты айғақтардан үкім шығару, діни мәтіндерді (аят-хадис, әсәр) дұрыс талдап, түсіндіру және үкімнің болған жағдайға сәйкестігін анықтап көрсету. Әрине, мұндай салмақты іс жан-жақты білімді талап етеді. Жүйелеп айтар болсақ, білу шартын мына екі түрге бөліп қарастыруға болады: а) шариғи үкімнің негізгі дереккөзін білу, ә) діни дереккөзден үкім шығару ерекшелігін, яғни әдіснама, қағидалар мен тиісті мәліметтерді білу.

А) Дереккөзді білу. Мүжтәхид ғалым шариғаттың негізгі дереккөзі саналатын Құран мен сүннетті және осы негізгі дереккөзге кіретін ижманы білуі шарт. Аталмыш деректер араб тілінде болғандықтан осы шартқа араб тілін білу де кіреді.

Құрандағы үкімге қатысты аяттарды білу. Мүжтәхид ғалым Құран аяттарының барлығын жалпылама түрде, ал үкімге қатысты аяттардың барлығын бүгеге-шүгесіне дейін нақты білуі тиіс. Өйткені шариғи үкімдердің бірінші дереккөзі – Құран аяттары екендігі мәлім.

Құран ғылымдары көп салалы болғандықтан мүжтәхид имам үкімдік аяттарды толық білуі қажет. Үкім аяттарының нақты саны қанша екені белгісіз. Алайда үкімдік аяттардың нақты санының қанша екендігіне қатысты ғалымдар әр түрлі пікір білдірген. Зәркәшидің айтуынша Имам Ғазали мен Фахруддин әр-Рази Құрандағы үкім аяттарының саны 500 деген. Оны 800 ден асырғандар болғаны секілді 200 дегендер де бар. Мәселен Әбу Бәкір ибн әл-Араби «Ахакам әл-Құран» атты шығармасында 800-ге тарта үкімдік аяттарды қарастырған.

Әсілінде бұл үкім аяттары ислам құқығында ғибадат (құлшылық), муамалат (өзара қарым-қатынас) және укубат (жаза, қылмыстық құқық) деген үлкен үш топтама шеңберінде қарастырылған. Әрине бұл санаттағы аяттардың нақты саны қанша екендігі белгісіз. Әйтсе де соңғы кезеңдерде жасалған жіктеулер негізінде олардың 140-і құлшылықтарға, 70-і отбасы құқығына, 70-і азаматтық құқыққа, 30-ы қылмыстық құқыққа, 13 немесе 20-сы құқықтық іс жүргізуге, 22-сі соғыс пен бейбітшілік (бітімгерлік) құқығына, 10 дүние-мүлік пен экономикаға қатысты келгендігі айтылады (Хажуи, 1970: 1-том, 278).

Негізінен құқықтық қабілеті мен зердесі ерекше ғалымдар Құрандағы қыссалар мен мысалдардың өзінен түрлі үкімдер шағара алады. Сондықтан үкімдік аяттарды нақты бір санмен шектеу мүмкін емес.

Аяттарда келген сөздердің тілдік ерекшеліктерін, яғни «амм-хасс» (жалпы-жеке/арнайы), «мұтлақ-мұқайяд» (шегі белгіленбеген-шеғарасы белгіленген), «муштәрәк» (омоним), «мужмәл» (ықшамды), «муфәссәр» (түсіндірілген мағына) секілді мәселелермен қатар «насих-мәнсұх» (алдыңғы үкімнің күшін жоюшы-үкімі жойылған) аяттарды, аяттардың түсу себептерін жақсы білуі қажет.

Сүннеттегі үкімге қатысты хадистерді білу; Мүжтәхид ғалымнан Құран секілді үкімге қатысты хадистерді де жетік білу талап етіледі. Бірақ олардың бәрін жатқа білу деген шарт қойылмайды. Үкімдерге негіз саналатын хадистердің саны да әр түрлі. Ибн Қайым әл-Жәузидің анықтауынша мұндай хадистердің саны бір тақырыпқа қатысты түрлі риуаяттар мен қайта-

ланғандарын қоспағанда 500 ге жуық, ал осы негізгі үкімдерді түсіндіретін, жан-жақты баяндайтын және шарттары мен талаптарын көрсететін хадистердің саны 4000-ға жуықтайды (әл-Жәузи, 1965: 2-том, 245). Имам Ахмад ибн Ханбал факих атану үшін 400 000 хадис білу керек деп санағандығына қатысты риуаят жеткен. Алайда ғалымдар оның ықтият тұрғысынан айтылғандығын білдірген.

Құқық методологиясы саласының ғалымдары мүжтәхидтің бойында табылуы тиіс хадис білу ерекшелігі арасына мәтін мен тізбекті білуді де қосқан. Ханафи ғалымдарының көзқарасы бойынша кейінгі ұрпаққа жету тұрғысынан оның келіп жету жолын, яғни мутауатир, мәшһүр немесе ахад па екендігін, хадисті жеткізуші, яғни рауидің жағдайларын (жәрх уә тағдил) білу қажет. Имам Ғазали мен оның ізбасарлары үмбеттің көпшілігі мойындаған хадистердің тізбегін зерттеудің қажет емес екендігін алға тартқан. Мүжтәхид хадистің насих пен мансухтарын да жақсы білуі қажет (Апайдын, 2018: 328). Сонымен қатар хадистерді таңдау қағидаларын да білу қажет саналады.

Үкімдерді білдіретін хадистер негізінен жами, мусаннаф және сунән секілді жинақтарда кездеседі. Дегенмен үкімдік хадистерді жинақтаған арнайы кітаптар да бар және олар аталған хадис жинақтарынан мәселелер мен тақырыптарды қамту тұрғысынан ерекшеленеді. Хадис саласына қатысты осындай еңбектердің арқасында үкімдік хадистердің рауилері жайлы мәліметтер, хадистердің қайсысының негізге алынып-алынбайтындығына қысты қажетті мәліметтер қамтылып, кейінгі ұрпақтар хадистердің тізбектерін зерттеу машақатынан құтылған. Осылай-

ша үкімдер қамтылған хадистерге жүгіну мәселесі оңтайланған.

Жоғарыда да айтып өткендей үкімдік аяттар мен хадистерді нақты шектеу мүмкін емес. Олардың саны факих ғалымдардың діни мәтіндерден үкімдерді шығара білудегі ерекше қабілеті мен ізденістеріне қатысты өзгеріп отырады. Истинбат және истидләл жолдары арқылы түрлі үкімдерге қол жеткізуге болады. Өз кезегінде бұл адамның көзқарас көкжиегін кеңейтіп, кез-келген мәселеге әр түрлі тұрғыдан қарап, сараптау жасауға, жаңаша ой түюге мүмкіндік береді.

Араб тілін жетік меңгеру. Құран мен сүннет араб тілінде келгендіктен қасиетті мәтіндердің мақсатын дұрыс түсініп, үкім шығара білуі үшін мүжтәхид бірінші кезекте араб тілін, соның ішінде грамматика, марфология, синтаксис, көркем сөз шеберлігі, әдебиет секілді салаларын жетік білуі тиіс. Мүжтәхидтің діни мәтіндерден үкім шығара білу қабілеті, араб тілінің өзіне тән ерекшеліктерін жақсы игере білумен тығыз байланысты. Алайда бұл салаларды араб тілі имамдары және әйгілі араб тілшілері секілді емес, діни мәтіндерді дұрыс түсініп, үкім шығара алатындай деңгейде білуі жеткілікті. Араб тілін сол ортада өсіп, сөздер мен сөз орамдарының қолданылуына қанығу арқылу табиғи жолмен немесе грамматика, марфология, синтаксис және әдебиет салаларын көп күш қайрат жұмсау арқылы үйренуге болады. Сонымен қатар Құран түскен кездегі араб тілінің ерекшеліктерін толық білмейінше, діни мәтіндерден дұрыс үкім шығару мүмкін емес (Шатыби, 4-том. 112-113).

Ижма мен пікір қайшылықтарын білу. Мүжтәхид ижтихад жасау үшін діни дереккөзбен қатар ижма мен пікір қайшылықтарын да білуі қажет екендігі-

не ғалымдар бірауыздан келіскен. Имам әш-Шафиғи алдыңғы буын ғалымдардың бірауыздан келісімі мен пікір қайшылықтарын білмейтін адамның ижтиһад жасай алмайтындығын айтса, Ибн Хазм оны шарт ретінде емес, пайдалы деп тапқан.

Өйтсе де ижтиһад жасайтын адамның өзіне дейінгі барлық мәселеге қатысты ижма мен пікір қайшылығын білуі аса қиын саналғандықтан мүжтәхидтің ижма мен пікір қайшылығы орын алған барлық мәселені емес, тек пәтуа беретін мәселеге қатыстыларын білуі жеткілікті саналған. Ханафи ғалымдарының бірі Садрушшариғаны ижманы білуді ижтиһад шарттарының арасында атамағаны үшін сынағандар болған. Алайда кейбір ғалымдар ижманы білуді ижтиһадқа лайық шарт ретінде емес, берілген пәтуаның ижмаға қайшы келмеуінің шарты ретінде қарастырғандықтан бұл сынды орынсыз деп тапқан (Апайдын, 2018: 329).

Имам Ағзам адамдардың ең білімдісі деп пікір қайшылығын білген адамды атаған екен. Өйткені пікір қайшылығын білу, қай пікірдің ақиқатқа жақын екендігін ажырата алуға көмектеседі. Имам Мәлік те Имам Ағзамның шәкірттерімен кездескен кезде өзі зерттеген тақырыптарға қатысты Имам Әбу Ханифа көзқарасының қандай екенін білуге тырысатын. Расында да сахабалар, табигиндер мен солардан кейін келген ғалымдардың көзқарастарын зерттеп, дәлелдері мен ұстанымдарын салыстырып қарау адамның бойындағы сыни көзқарас пен ізденімпаздығын дамытады (Шатыби, 344-345).

Ә. Фикһ әдіснамасын білу. Фикһ әдіснамасы – ижтиһадтың негізгі тірегі. Онсыз мүжтәхидтің негізгі мақсаты саналатын тафсили дәлелдерден діни үкім шығаруы мүмкін емес. Өйткені діни

үкімді білдіретін тафсили дәлелдер бұйрықтар, тыйымдар, жалпы мен арнайы, шегі белгісіз немесе шегарасы айқын нәрселер секілді түрде келген. Мүжтәхид истинбат жасау барысында аталған ерекшеліктердің үкімін, мақсатын білуі қажет. Дәлелдердің осындай ерекшеліктері мен үкім мақсатын түсіндіру фикһ әдіснамасы саласына кіреді. Фахруддин әр-Рази «әл-Махсул» атты еңбегінде мүжтәхид үшін усул әл-фикһ қажетті ғылымдардың ең маңыздыларының бірі деген.

Мүжтәхид ғалымның өзге мүжтәхидтер тарапынан белгіленген және фикһ әдіснамасына қатысты кітаптарда жинақталған мәселелерді білуі жеткілікті емес. Фикһ әдіснамасы жинастырылып, жазылмай тұрған кездегі мүжтәхид имамдар мәселелерді түсінгені секілді қажетті қағидаларды түсіне білуі қажет. Мұндай дәрежеге жету үшін діни дереккөзді терең игерумен қатар араб тілін, сөздердің қолданылу ерекшеліктерін де жоғары дәрежеде меңгеруі тиіс. Әрине, фикһ әдіснамасының қағидалары жинастырылмай тұрған кезде бұл мәселелерді білу аса қиын шаруа еді. Фикһ әдіснамасының жинастырылып, жүйеленуі бұл істі айтарлықтай жеңілдетті. Дегенмен ижтиһад жасайтын адам осындай жоғары мәртебеге тек қана фикһ әдіснамасына өзі дербес, тәуелсіз зерттеуші ретінде қарап, мәселелерді өзі толықтай көз жеткізген және айғақтарымен дәлелдеуге шамасы келетін қағидаларға жүгіне отырып, үкім шығара алатындай дәрежеде ешкімге еліктеусіз қарастыра алған жағдайда жете алады. Үкім шығаратын кезде басқа біреудің қағидалары мен құралдарына жүгінетін ғалым дербес мүжтәхид емес, мәзһаб ішіндегі мүжтәхид саналады.

Фикһ әдіснамасы ғылымын меңгермеген адам тәпсір, хадис, араб тілі грамматикасы, әдебиеті мен көркем сөз ше-

берлігін қанша игерсе де мүжтәхид бола алмайды (Шағбан, 1996: 377).

Фикһ әдіснамасына қатысты жазылған кітаптардың көпшілігінде қияс шариғи дәлелдердің қатарында аталған. Десе де ол жеке-дара дәлел емес, әдіснама нәтижесінде қол жеткізілетін дәлел саналғандықтан, қиясты білуді әдіснаманың қатарында атауды жөн көрдік (Атар, 1988: 308). Ислам шариғатында діни мәтіндерден үкім шығарудың ең мойындалған әдіснамасы қияс саналғандықтан қиястың шарттарын, үкімін, түрлерін, қабылданатын және терістелетін қырларын білу дұрыс ижтихад жасаудың шарты саналған. **Қиясты білу діни мәтіндерден үкім шығарудың негіздерін және ижтихад жасалатын мәселеге қатысты ең жақын діни мәтіндерді таңдау мүмкіндігін береді.**

2. Ерекше қабілет. *Ижтихад жасауға құзыретті саналу үшін жоғары деңгейде ақылдылық, сұңғылалық пен ерекше қабілетке ие болу қажет. Ижтихад шариғат мақсатын дұрыс анықтап, іске асырумен қатар адамдар арасында әділдікті қамтамасыз етуді көздейтіндіктен ондай жауапкершілігі зор міндетті атқара алу қатардағы бір оқыған адамның қолынан келмесі белгілі. Мүжтәхид ғалымның ерекше қабілет иесі болуы – басты талаптардың бірі. Сондықтан жоғарыда аталған дәлелдерді білуі ижтихад жасау үшін жеткілікті емес. Жаратылысынан ерекше парасаттылық пен сұңғылалыққа ие болуы аса маңызды.*

Ислам құқығына қатысты еңбектерде ерекше, жоғары қабілетті білдіру мақсатында қариха/قارحة ұғымы қолданылады. Қариха деп үкім шығаруға қабілетті ететін дағдыны атайды (Апайдын, 2018: 333).

Осы аталған шарттар негізінен мұтлақ мүжтахидке қатысты, ал мұқаллид

мүжтахидтің өзі ұстанатын имамның әдіснамасын білуі жеткілікті саналған (әл-Футухи, 1980: 4-том. 457-527).

Ижтихадтың үкімі. Ғалымдардың сөзінше ижтихад жасауға тек Құран мен хадистен нақты, кесімді дәлел табылмаған жағдайда ғана рұқсат. Мысалы, намаз оқу мен ораза ұстаудың парызы екені сөзсіз белгілі әрі олар – Құран мен хадистен анық ұғынылатын бұйрық. Бұған онымен қоса зина, ұрлық, шарап ішудің харамдығын да қоса аламыз. Бұларға тыйым салынғандығы ешқандай күмәнсіз, анық түсініледі әрі ол тыйымдарды басқаша түсінуге жол жоқ. Зинаның харам екендігі айтылса, басқа іс емес, нақ зинаның тыйым салынғанына айқын дәлел болады. Сондықтан мұндай нақты, кесімді бұйрықтарда ижтихад жасауға орын жоқ, ал болжамды түрде келген аяттарға қатысты ижтихад жасауға жол ашық. Мәселен, Кәусар сүресіндегі «уанхар» сөзі құрбандық шалумен қатар өзге де мағыналарды білдіреді. Бұл аятқа қатысты мұсылман ғалымдарының көзқарасы әртүрлі. Кей ғалымдар құрбандық шалуды жалпы мұсылман үмбетіне міндет десе, басқа ғалымдар тек Алла елшісіне ﷺ ғана міндет, ал оның үмбетіне сүннет деп ижтихад жасаған.

Ижтихадтың үкіміне келсек, діни жауапкершілік тұрғысынан – кифая парыз. Ханафи ғалымдары мүжтәхидсіз ғасырдың болуы мүмкін екенін назарда ұстай отырып, «мүжтәхид болмаған кезде үмбет тегіс күнәкар саналмау үшін ижтихад – кифая парыз» деген үкімді мүжтәхидтің бар болуына тәуелді түрде қарастырған.

Мүжтәхидтің тап болған арнайы жағдайына қатысты пәтуа беру мәселесіндегі секілді ижтихад жасаудың үкімі де парыз айн, парыз кифая, мәндуп яки харам деп өзгереді. Қандай да бір мәселе

туындап, бір ғана мүжтәхид болса, оған ижтихад жасау парыз айынға айналады. Ижтихад жасауға қатысты бір мәселе туындап, пәтуа беруге лайықты өзге де мүжтәхидтер болған жағдайда, парыз кифаяға айналады. Яғни бір мүжтәхид ижтихад жасаса, өзгелердің мойнынан жауапкершілік түседі. Жаңа бір мәселе туындамай тұрып немесе сұрақ сұралған кезде мүжтәхидтің ижтихад жасауы – мәндүп. Ешқандай қажеттіліксіз ижтихад жасаудың жауап еместігін алға тартқандар да бар (ибн Абддушшәкур, 1324: 2- том. 363).

Мүжтәхид имам бір мәселеге қатысты ижтихад жасап, шешім шығарғаннан кейін сол шешіміне сай әрекет етуі тиіс. Сол мәселеге қатысты өзге мүжтәхидтің ижтихадына еліктеуі дұрыс емес. Неге десеңіз мүжтәхид ғалымның ижтихад жасау арқылы қол жеткізген нәтиже – өзінің көзқарасы бойынша, сол мәселеге қатысты Алла тағаланың үкімі саналады. Олай болса, «Алланың үкімі – осы» деп тапқан шешіміне сай әрекет етуі міндетті және басқа ғалымның көзқарасы басқаша екен деп, өз үкімінен бас тартуы қажет емес. Өйткені басқа ғалымның да көзқарасы нақты, кесімді емес, болжамды ойға сүйенеді.

Мүжтәхидтің шығарған шешімі дұрыс немесе қате болса да сауапқа қол жеткізеді. Егер берген үкімі қате болса, бір сауап, дұрыс шықса екі сауап. Бір сауабы барынша ізденіп, ижтихад жасағаны үшін, екіншісі дәп түскені үшін. Қателессе де бір сауаптың берілуі, оның бар ынтасын салғандығы үшін. Өз кезегінде Пайғамбарымыз ﷺ: «Үкім беруші ынтасын жұмсап дұрыс шешім шығарса, екі сауап, қателессе, бір сауап алады», – деген (Бұхари. Иғтисам, 21, Әбу Дәуіт. Ақдия, 2).

Ижтихад жасау әр заманда өзінің маңызын жоғалтпайды. Яғни заман мен мекен өзгерсе де ижтихад жасау уәжіп болып қала береді. Ижтихад арқылы шығарылған үкім доғмалық ерекшелікке ие емес. Оны мойындауға да, сын көзбен қарауға да жол ашық. Өйткені ол – ақыл-ойдың нәтижесінде, болжамды түрде қол жеткізілген пікір. Дұрыс болумен қатар, қате болу ықтималдығы да бар.

Ижтихадқа рұқсат етілген және етілмеген мәселелер. Шешіміне қатысты айқын, бұлтартпас айғақ жоқ кез келген діни мәселенің үкімі ижтихад жасауға ашық саналады. Оны ислам құқығында «мужстахадун фиһ/مجتهدون فيه» және «мәсәлә ижтихадия/مسألة إجتهادية» деп атайды. Ал қандай да бір мәселенің шешіміне қатысты діни мәтіндерде нақты, бұлтартпас дәлел бар болса, ондай мәселелерде ижтихадқа рұқсат етілмейді.

Негізінде шариги үкім «қатғи» (нақты, кесімді, бұлтартпас) және «занни» (болжамды) деп екіге бөлінеді. Қатғи үкім қатғи дәлелдермен, занни үкім занни дәлелдермен белгіленеді. Қатғи дәлелге қатғи діни мәтін мен ижма жатады. Қатғи діни мәтін – шаригат егесі тарапынан келіп жетуі және мағынасы тұрғысынан қатғи мәтін. Мәлім болғандай, діни мәтіндер келіп жету және мағынасы тұрғысынан мынадай төрт топқа бөлінеді:

Келіп жетуі әрі мағыналық тұрғыдан кесімді діни мәтіндер. Бұған мағыналары айқын, кесімді аяттар мен мутауатир хадистер жатады. Ханафи ғалымдардың көзқарасы бойынша мағыналары қатғи мәшһүр хадистер де осы санатқа кіреді.

Келіп жетуі тұрғысынан қатғи, бірақ мағынасы тұрғысынан занни діни мәтіндер. Мағыналарын жорамалдауға келетін

аяттар, мутауатир мен мәшһүр хадистер осы (занни) санатқа кіреді.

Келіп жетуі занни, бірақ мағынасы қатғи діни мәтіндер. Мағыналары нақтылықты білдіретін ахад хабарлар осы (занни) санатқа жатады.

Келіп жетуі әрі мағыналық тұрғыдан занни діни мәтіндер. Мағыналары занни ахад хабарлар осы санатта қарастырылады.

Осылардың біріншісі қатғи насс әрі қатғи дәлел саналады. Өзге үшеуі – занни насс және занни дәлел. Біріншісі арқылы парыз бен харам, екінші мен үшіншісі арқылы уәжіп пен тахриман мәкруһ, төртіншісі арқылы мәндуп, мұстахаб секілді үкім бекітіледі. Осы дәлелдер өзара бір-біріне қайшы келген жағдайда біріншісі екіншісінен, екіншісі үшіншісінен, үшіншісі төртіншісінен күшті саналып, сол таңдалады.

Қатғи діни мәтіндер мен ижма қалыптасқан мәселелерге қатысты ижтихад жасалмайды. Мысалы, намаздың, оразаның, зекеттің, қажсылықтың парыз екені, олардың тіректері, уақытына қатысты мәселелерде ижтихад жүрмейді. Сол секілді кісі өлтіру, зина, мас қылатын ішімдіктерді ішудің харам екендігі нақты белгілі болғандықтан, олардың үкіміне қатысты ижтихад жүрмейді. Қандай да бір мәселеге қатысты қатғи діни мәтін бар бола тұра, мүжтәхид үкім айтып, қателессе күнәкар болады, ал сот үкім шығарса, үкімі жарамсыз саналады.

Олай болса, занни дәлелдерге қатысты ғана ижтихад жасауға рұқсат етіледі. Осындай мәселелерді мүжтәхид ижтихад жасап, қателессе, күнәкар саналмайды. Қайта керісінше сауап алады, ал соттың шешімі жарамсыз етілмейді. Әрине, мұндай болжамды мәселелерде мүжтәхидтер көзқарастарының әртүрлі болуы – табиғи жағдай.

Дәл сол секілді, қандай да бір мәселе жайында айқын, ашық діни мәтін кездеспесе, ижтихад жасауға жол ашық. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ бен сахабалар мұндай мәселелерге қатысты ижтихад жасайтын. Мәселенің шешіміне қатысты нақты, айқын дәлел кездеспеген жағдайда мүжтәхид ғалымның қияс, истихсан, истислах секілді қосымша дәлелдерге (әдістерге) жүгінуіне тура келеді. Мұндай дәлелдердің дұрыс дәрежесі, осы дәлелдерден үкім шығарудың мән-мазмұны, осы дәлелдерге сүйене отырып шығарылған үкімге қатысты мүжтәхид ғалымдар көзқарастарының әртүрлі болуы әбден мүмкін (Атар, 1988: 309-310).

Ижтихадтың бөліну-бөлінбеу мәселесі. «Мүжтәхид ғалымның кез келген мәселе бойынша ижтихад жасауы шарт па, әлде кейбір мәселелерде ижтихад жасап, кей мәселелерде басқа мүжтәхидтің көзқарасын басышылыққа алуына рұқсат па?» деген сұраққа қатысты ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Бұл мәселеге қатысты ғалымдардың көзқарасы екіге жарылған:

Ижтихад – бөлінбейтін біртұтас. Сондықтан мүжтәхид ғалым барлық мәселеде мүжтәхид болуы тиіс. Өйткені ижтихад жасау арнайы қабілет пен құзыретілікті қажет етеді. Соның арқасында мүжтәхид діни мәтіндерді түсініп, үкім шығара алады. Сол секілді шарияғаттың негіздері мен үкім шығару пәлсапасын жақсы игергендіктен діни мәтін кездеспейтін мәселелерге қатысты да үкім шығара алады. Ижтихад сөз өнері секілді. Қалайша сөз өнерінің барлық түрін игермеген адам сөз шебері саналмаса, кез келген мәселеде ижтихад жасай алмайтын ғалым мүжтәхид саналмайды. Молла Хусреу секілді ғалымдар осындай көзқарасты алға тартқан. Ханафи ғалымдарының басым көпшілігі осы көзқарасты ұстанған (Апайдын, 2018: 338).

Ижтихад біртұтас емес, бөлінеді. Мүжтәхид ғалымның барлық мәселеде ижтихад жасауы шарт емес. Имам Ғаззали, Ибн Дақиқ әл-Идд, Ибн әл-Хумам, Ибн әс-Саати секілді ғалымдар осы көзқарасты тандаған. Олардың көзқарасы бойынша құлшылыққа қатысты мәселелерде мүжтәхид болатын тұлғаның құлшылыққа қатысты барлық дәлелді білуі қажет. Алайда укубат пен муамалатқа қатысты мәселелердің бәрінің діни дерек-көзін білуі шарт емес. Өйткені ижтихад бөлінбейтін біртұтас емес. Қандай да бір мүжтәхид кейбір мәселелерге қатысты барлық айғақты зерттесе, кейбір мәселелерді олай бүге-шүгесіне дейін зерттемеуі мүмкін (Атар, 1988: 309).

Ижтихад есігінің жабылуы мәселесі. Діни мәтіндер мен өмірде орын алып жатқан жаңа жағдайды өзара үйлестіру үшін ижтихадтың қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Алайда мәзһабтардың құрылып, фикһ мұраларының жинақталып, жазыла бастауы нәтижесінде алғашқы кезеңдегі пікір алуандығы шектеліп, жинақталған тәжірибе негізінде әрекет ету кең таралды. Йозеф Шахттың айтуынша, IX ғасырдың ортасына дейін мұсылман қоғамында ижтихадқа қатысты қандай да шектеулер болмаған. Осы кезеңнен бастап, әуелгі мүжтәхидтер ғана ижтихад жасауға лайық деген түсінік X ғасырдың басында кең тарап, жұртшылық солай қабылдап кеткендіктен, сол ғасырларда шыққан фақиһтар алдыңғы имамдардың ойлары мен тұжырымдарын түсіндірумен ғана шектелген. Өз кезегінде бұл үрдіс «ижтихад есігінің жабылуы» деп аталып кеткен. Оның қашан, кім тарапынан қозғалғаны нақты белгісіз.

«Ижтихад есігінің жабылуына» жол ашқан себептер жайлы ғалымдар түрліше тұжырымдарды алға тартқан. Кей-

бір ғалымдар жоғарыда аталған ижтихад жасау шарттарының тым қиындағанын, тіпті Имам Ағзам мен Имам әш-Шафиғидің өздері мұндай шарттарда ижтихад жасауға құзыретсіз болып қалатындын (Халлаф, 1973: 64), тіпті осы шарттардың қиындығынан кейінгі ғасырларда ондай сипатқа ие тұлғалар шықпағандықтан бұл ижтихад есігі жабылған деген түсінікке жол ашқандығын тілге тиек еткен (Иылдыз, 1993: 34). Фазлуррахман ижтихад есігінің жабылуы талап етілген шарттардың ауырлығынан емес, ислам үмбетінің бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында белгіленген заң жүйесін сақтау ниетінің нәтижесі деп қарастырған (Ислам ансиклопедиси). Түрік ғалымы Х. Караман да ойларын осы бағытта түйіндейді. Оның ойынша, сол кездегі саяси билік қазылық пен муфтилік қызметін кең таралған төрт мәзһаб өкілдеріне беріп, оның тысында ой айтқандар «бидғатшылықпен» айыпталған. Сонымен қатар адамдардың діннен дүниелік қалауын артық санап, бидғаттар тарала бастаған «бүлік заманында» діни мәтіндерді қате түсіну қаупінің артуы ижтихадтың тоқырауына алып келген (Караман, 1996: 169-191).

Алайда кейінгі ғасырда өмір сүрген ғалымдардың бірі Уәйл ибн Халлақ «ижтихад есігі жабылған» деген тұжырыммен келіспейді. Оның ойынша, ижтихад жасай алатын фақиһтар кез келген кезеңде болған, қалыптасу кезеңінен кейін фикһтың тармақтық мәселелерін дамытуда ижтихад, тахриж, тәржих секілді деңгейлерде ғалымдар кездескен. XI ғасырға дейін «ижтихад есігі жабылған» деген пікір кездеспеген және «мүжтәхидсіз ғасырдың болып-болмауы» мәселесінде түрлі көзқарастың жалғаса келуі әрі оның тек теория жүзінде қалуы «ижтихад есігі жабық»

деген көзқарастың орынсыздығын көрсетеді. Тіпті қателесуші мүжтәхидтің өзіне Алла тағаланың сауап жазатындығы түсінігі ижтихад жасауды жеңілдеткен. Сонымен қатар ижтихадты қабылдамайтындар сүнниліктен шығарылған. Һижра жыл санауымен V (XI ғасыр) ғасырдың өзінде ижтихад есігінің жабылғандығын көрсететін ешқандай дерек жоқ. Тіпті ол соңғы ғасырға дейін жалғасқан (Халлақ, 2017: 457-503).

Өз кезегінде бұл көзқарасты кейінгі ғасырда өмір сүрген бірқатар ғалымдар да қолдаған. Олар жаңа мәзһабтар мен әдіснама қалыптастыруға бағытталған абсолютті ижтихад есігі жабылғанын мойындаумен қатар, тахқиқ әл-мәнәт ижтихады, муқаййәд ижтихад, белгілі бір мәселеде ижтихад секілді қозғалыстардың әр кезеңде жалғасын тауып отырғандығын, тіпті кейінгі ғалымдардың бұл мәселеде алдыңғы ғалымдардан қалыспағанын атап өтеді. Мәселен, «Ижтихад есігі жабылған» дегеніне қарамастан әл-Изз ибн Абдуссәләм, Ибн Дақиқ әл-Идд, Зәйнуддин әл-Ирақи, Ибн Хажар әл-Асқалани, Жалалуддин әс-Суюти секілді мүжтәхид ғалымдар шыққан. Имам ән-Нәуәуи ижтихадқа қатысты ойын: «Мәзһабқа қатыссыз абсолютті және тәуелсіз ижтихад IV ғасырдың басында аяқталған. Мәзһаб ішіндегі ижтихад қияметке дейін жалғаса береді. Мұндай ижтихадтың есігі жабылмайды. Бұл – бүкіл үмбеттің мойнына жүктелген жауапкершілік. Егер мұсылмандар бұдан бас тартар болса, онда үмбет тегіс күнәға бой алдырады», – деп түйіндеген. Өз кезегінде абсолютті ижтихадқа есік ашу мәзһабтар тәжірибесін жоққа шығарып, жаңа қозғалыстардың пайда болуына жол ашып, мүлде өзгеше мәселе туындатады (Апайдын, 2018: 432-445).

Түрік ғалымы Ю. Апайдынның ойынша, ижтихад есігінің жабылуына себеп ретінде көрсетілген болжамның барлығының ықтималдығы болғанымен, негізгі себеп ижтихад түсінігінің өзінде жатуда. Мәселе ижтихад теориясының құрылымына қатысты емес, қазіргі таңдағы ислам әлеміндегі діни мәтіндер мен қоғамдық ерекшеліктер, дін мен құқық арасындағы қарым-қатынас, дәстүрлі фикһ негіздерін түсінуде әдіснаманың маңыздылығы, қоғам мүддесі мен өмір шындығына негізделген құқықтық талпыныстардың заңдылығы, құқықтың қалыптасуында діннің ықпал ету түрі, жеке тұлға мен адам еркінің рөлі секілді тақырыптарда түсініктік аппараттар мен әдіснаманың тиісінше дамымауы және ижтихадтың осы құбылыстардағы өзектілігінің ескерілмеуіне қатысты (Апайдын, 2018: 445).

Қорытынды

Ислам шарифаты адам өмірінің ар-ожданға қатысты сенімнен бастап, құлшылыққа және өзге адамдармен қарым-қатынасына қатысты саланың барлығын тегіс қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда ислам құқығы әдіснамасында туындаған мәселелерді шешуде ижтихад маңызды орынға ие.

Ислам дінінің ең негізгі дереккөзі саналатын Құран мен сүннетте адамды терең ойлануға, саралап, пікір өрбітуге қатысты мәтіндердің көптігі, кейбір мәселелердің шешімінің нақты, кейбірінің болжамды түрде баяндалуы, Пайғамбарымыз дүниеден өткен соң уахидің тоқтауы, ислам территориясының кеңеюі нәтижесінде мұсылмандардың жаңа мәдениетпен бетпе-бет келуі бұрын-соңды кездеспеген мәселелерді шешу жолында ижтихадқа қажеттілік туындады.

Алла елшісі уахидің қадағалауында кейбір мәселелерде ижтихад жасады әрі

сахабаларын да ижтихад жасауға ын-таландырды. Әділетті төрт халифадан бастау алған сахабалар мен табиғин кезеңінде де Құран мен сүннетте нақты шешімі жоқ мәселелерге қатысты фақиһ ғалымдар ижтихадқа жүгінді. Құқықтық мәзһабтар қалыптасып, орныққанға дейін бұл үрдіс қандай да бір шектеусіз жүрді. Мәзһабтардың әдіснамалары мен ұстанымдарының қалыптасып, орнығуы нәтижесінде әрі сол кезеңдердегі діни алауыздықтың алдын алып, бірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында мұсылман мемлекеттері белгілі мәзһабтарды қолдап, орнығуына жағдай жасады. Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, мұсылман қоғамында IX ғасырдың ортасына дейін ижтихадқа қатысты ешқандай шектеулер кездеспегенімен X ғасырдан бастап әуелгі мүжтәхидтер ғана ижтихад жасауға лайық деген түсінік кең тарады. Осылайша, ижтихад үрдісі біршама тоқырауға ұшырап, «ижтихад есігі жабылған» деген түсінік орныға бастады. Алайда ға-

лымдар оның себебі мен салдарына қатысты түрлі тұжырым жасаған. Абсолютті ижтихад есігінің жабылғанын мойындаумен қатар, тахқиқ әл-мәнәт ижтихады, муқайиәд ижтихад, белгілі бір мәселеде ижтихад секілді қозғалыстардың әр кезеңде жалғасын тауып отырғандығын атап көрсетеді.

Қазіргі таңда мұтлақ мүжтәхид деңгейіндегі ғалымдардың шығуы аса қиын саналғандықтан, мұсылман елдерінің көпшілігінде ғалымдардан құралған Ислам фикһ академиялары жұмыс істеуде. Алғашында тек бір елмен ғана шектелген академиялар жаһандану заманында халықаралық байланыстар орнату арқылы кейінгі ғасырда туындап жатқан күрделі мәселелердің шешімінде өзге де саланың білгір мамандарының кеңестері мен ғылыми зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, өзара кеңеске жүгінуде. Өз кезегінде мұндай қадам – заман талабы және мәселелерді оңтайлы шешудің тиімді жолдарының бірі.

Әдебиеттер:

1. А. Халлаф. Ислам хукук фелсефеси / Ауд. Х. Атай. – Анкара: Университе матбаасы, 1973. – 64.
2. Әбу Захра М. Усул әл-фикһ. – Каир: Дәр әл-фикһ әл-арабии, 1958. – 344-345.
3. Әз-Зухайли У. Усул әл-фикһ әл-ислами. – Бейрут: «Дәрул фикр муғасыр» баспасы, 2004. – 2-том. – 328.
4. З. Шағбан. Ислам хукук илминин есаслары (Усулул-фикһ) / Түрік тіліне аударған И.К. Дөнмез. – Анкара: ТДУ, 1996. – 377.
5. Ибн Абдушшәкур Мухибулла ибн Абддушшәкур. Мусәлләм әс-субут. – Мысыр: «Булақ» баспасы, 1324. – 2-том. – 363.
6. Ибн Али әш-Шәукани М. Иршад әл-фухул илә тахқиқи әл-хақ мин илм әл-усул. – Каир, 1909. – 232-232.
7. Ибн ән-Нәжжәр әл-Футухи. Шәрх әл-кәукәб әл-мунир (ншр. М. Әз-Зухәйли – Н. Хаммад) – Дамаск, 1980. – 4-том. – 457-527.
8. Ибн Қайим әл-Жәузи. И'ламуль-муаққиғин. (тахк. Абд әл-Уәкил (I-IV). – Мысыр, 1965. – 2-том. – 245.
9. Сарахси Шәмсуләммә. Әл-Мабсут. – Мысыр, 1324. – 16-том. – 70.
10. Ф. Атар. Усул әл-фикһ. – Стамбул: Мармара университеті Илахият факультеті қоры баспасы, 1988. – 308.

11. X. Караман. Ислам хукукында ижтихад. – Стамбул, 1996. – 169-191.
 12. Хажуи Х. Әл-Фикру әс-сәми. – Бейрут, 1970. – 1-том. – 278.
 13. Халлақ У. Was the Gate of Ijtihad Closed? International Journal of Middle East Studies dergisinde (1984, 16/1, ss. 3-41.) / Түрік тіліне аударғандар: К. Иелек, Е. Ериылмаз) Ижтихад қапысы қапанды мы? Ислам Хукукы араштырмалары дергиси. – 29-сан. – 2017. – 457-503.
 14. Шатыби Әбу Исхақ Ибраһим. әл-Муафақат. – Мысыр. – 4-том. – 104.
 15. Ю. Апайдын. Ислам хукук усулу. Гириш кітабы. – Стамбул: «Билай» баспасы, 2018.
 16. Ю. Вехби Иылдыз. Ханефи мезхебинде ижтихад фелсефеси. – Стамбул: Ишарет наиынлары, 1993. – 34.
- وحبة الزحيلي. أصول الفقه الإسلامي. - بيروت: «دار الفكر المعاصر»، ٤٠٠٢. - مجلد ٢. ص ٨٢٣.
 م. ابن علي الشوكاني. إرشاد الفحول إلى تحقيق الحق من علم الأصول. - القاهرة، ١٩٠٩. - ص ٢٣٢
 الشاطبي أبو إسحق إبراهيم. الموافقات. - مصر. ٤ مجلد، ١٠٤ ص
 السرخسي شمس الأئمة المبسوط. - مصر. ١٣٢٤. مجلد ١٦، ص ٧٠
 حاجوى ح. الفكر السامى. - بيروت. ١٩٧٠. - مجلد ١، ص ٢٧٨
 ابن القيم الجوزي. إعلام الموقعين. تحقيق: عبد الوكيل
 (VI-I). - مصر، ٥٦٩١. مجلد ٢، ص ٥٤٢
 م. أبو الزهراء. أصول الفقه. - القاهرة: «دار الفكر العربي»، ٨٥٩١. - ص ٤٤٣-٥٤٣
 ابن النجار الفتوحى. شرح الكوكب المنير. (نشر: م. الزحيلي - ن. حماد) - دمشق، ٠٨٩١. - مجلد ٤، ص
 ٧٢٥-٧٥٤
 ابن عبد الشكور محيب الله ابن عبد الشاكر. مسلم الثبوت. - مصر: البوقاق. ١٣٢٤. - مجلد ٢، ص ٣٦٣

References

1. A. Hallaf. Islam hukuk felsefesi / Aud. H. Ataj. – Ankara: Universite matbaasy, 1973. – 64.
2. Əbu Zahra M. Usul əl-fıkh. – Kair: Dər əl-fıkh əl-arabii, 1958. – 344-345.
3. Əz-Zuhajli U. Usul əl-fıkh əl-islami. – Bejrut: «Dərul fikr mufasyr» baspasy, 2004. – 2-tom. – 328.
4. Z. Sharban. Islam hukuk ilminin esaslary (Usulul-fıkh) / Tırik tiline audarğan I.K. Dönmez. – Ankara: TDU, 1996. – 377.
5. Ibn Abdushshəkur Muhibulla ibn Abddushshəkur. Musəlləm əs-subut. – Mysyr: «Bulak» baspasy, 1324. – 2-tom. – 363.
6. Ibn Ali əsh-Shəukani M. Irshad əl-fuhul ilə tahkiki əl-haq min ilm əl-usul. – Kair, 1909. – 232-232.
7. Ibn ən-Nəzhzhər əl-Futuhi. Shərh əl-kəukəb əl-munir (nshr. M. Əz-Zuhəjlili – N. Hammad) – Damask, 1980. – 4-tom. – 457-527.
8. Ibn Kəijm əl-Zhəuzi. I‘lamul’-muakkirin. (tahk. Abd əl-Uəkil (I-IV). – Mysyr, 1965. – 2-tom. – 245.
9. Sarahsi Shəmsuləimmə. Əl-Mabsut. – Mysyr, 1324. – 16-tom. – 70.
10. F. Atar. Usul əl-fıkh. – Stambul: Marmara universiteti İlahijat fakul’teti kory baspasy, 1988. – 308.
11. H. Karaman. Islam hukukynda izhtihad. – Stambul, 1996. – 169-191.

12. Hazhui H. Əl-Fikru əs-səmi. – Bejrut, 1970. – 1-tom. – 278.
13. Hallaq U. Was the Gate of Ijtihad Closed? International Journal of Middle East Studies dergisinde (1984, 16/1, ss. 3-41.) / Tyrik tiline audarǵandar: K. Ielek, E. Eriylmaz) Izhtihad kapysy kapandy my? Islam Hukuky arashtyrmalary dergisi. – 29-san. – 2017. – 457-503.
14. Shatybi Əbu Ishaq Ibrahim. əl-Muafaqat. – Mysyr.– 4-tom. – 104.
15. Ju. Apajdyn. Islam hukuk usulu. Girish kitaby. – Stambul: «Bilaj» baspasy, 2018.
16. Ju. Vehbi Iyldyz. Hanefi mezhebinde izhtihad felsefesi. – Stambul: Isharet iaiynlary, 1993. – 34